

КУРСТАН ЖАҢАЛЫҚ



Дайындаған: Ибраева А. А.

2016жыл

МОНТЕССОРИ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Монтессори педагогикасы немесе Монтессори жүйесі ХХ ғасырдың бірінші жартысында итальяндық педагог, ғалым әрі ойшыл Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі. Монтессори әдістемесі әрбір тәрбиеленушіге деген даралы тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес, балалар дидактикалық материалдар мен сабақ ұзақтығын әрдайым өздері таңдай отырып, өзіндік ағым мен талғамына сай жұмыс жасайды.



Мария Монтессори

1870 жылдың 31- тамызында
Италияда туылып, 1952 жылы
Голландияда қайтыс болды.

Осы жылдар аралығында оның өмір
жолы философиялық мәні бар,
балалардың құқығын қорғау үшін
күресі мен ұлы педагогикалық
жаңалықтар ашуына толы болды.
Ол Италияның тұңғыш әйел -
дәрігері.

Мария Монтессори өсиеттері:

- ◆ Қандай жағдай болмасын, бала өзі көмек сұрағанша оған тиіспе
- ◆ Ешқашан бала туралы жаман айтпа, баланың көзінше, және ол болмағанда да.
- ◆ Баланың жақсы қасиеттерін дамытуға бағыттал, сонда жаман қасиеттер біртіндеп азая түседі
- ◆ Танымдық ортаны дайындағанда белсенді бол. Әрқашан оны талаптар мен ережеге сай дайында. Баланың бұл орталықта дұрыс іс - әрекет жасауына көмектес. Әр дамыту материалының орнын және оны қалай дұрыс қолдану керектігін көрсет.
- ◆ Сенің көмегіңді қажет ететін балаға көмектесуге және оның сұрақтарына жауап беруге дайын бол.
- ◆ Қате жіберіп алып оны қазір немесе сәлдең соң түзете алатын баланы қадірлей біл. Бірақ баланың іс - әрекеті немесе материалды дұрыс қолданбаған жағдайында, өзінің немесе басқа балалардың денсаулығына, дамуына қауіп төндіретін болса жұмысты тоқтат.
- ◆ Демалып отырған немесе біреудің жұмысын бақылап отырған, немесе қандай іс - әрекет жасағанын әлде жасайтынын ойлап отырған баланы қадірлей біл. Осы сәтте оны ешқашан басқа әрекет жасауға мажбүрleme.
- ◆ Немен айналысатынын білмей, іс - әрекет түрін іздеп жүрген балаға көмектес.
- ◆ Балаға жаңаны игеруге, бұрын бас тартқан материалдарды қалай дұрыс қолдану керектігін көрсетуден жалықпа. Қоршаған ортаны мейіріммен, шыдамдылық пен тыныштықпен, қайырымдылық пен махаббатпен толтыр. Ізденіс үстіндегі балаға өзіңнің көмек көрсетуге дайын екеніңді көрсете біл, және басқа балаларға оны білдіртпе.
- ◆ Баламен қарым - қатынаста тек жақсы әдеп - қылықтарыңды көрсет және өзіндегі ең жақсы қасиеттеріңді ұсын.

Монтессори әдісінің мақсаты:

- балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу;
- өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру;
- балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Монтессори ұстазының міндеті:

- балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу;
- негізгі түстерді айыра білуге үйрету;
- ұсақ моториканы дамыту;
- алғашқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру;
- зейінін тұрақтандыру;
- тәртіпке үйрету;



doll house



telephone



memory game



Lego



doll's bed



sandpit



brush

pencil



blackboard



clay



bookcase



sink



scissors



jigsaw puzzle



Курстағы тәжірибе алмасу

Менің тәжірибемдегі “монтессори” әдісі

**Назарларыңызға
рахмет!**